

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖӘНЕ БІРЛЕСКЕН ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ӘРЕКЕТТЕРІ ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМ

«М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамның Басқарма Мүшесі – ғылым және цифрландыру жөніндегі проректор м.а. С.Ә.Орынбаев бірінші тараптан және екінші тараптан Жамбыл облысы цифрландыру және архивтер басқармасының «Жамбыл облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры Л.С.Кожаяхановамен бірге тараптар ынтымақтастыққа лебіз білдіре отырып, екі ұйым арасындағы ынтымақтастықты нығайту мақсатында білім беру, ғылымды дамыту және дәріптеу шеңберінде осы келісімге келді:

1. Мақсат, міндеттері:

1.1. Меморандумның мақсаты: - ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерімен алмасу; - халықаралық ғылыми және басқа ұйымдардың ғылыми-техникалық кеңістікте ғылым және білім технологияларын өзгерту арқылы интеграцияға бірге әсер ету; - іргелі және қолданбалы зерттеулерді инновациялық, ғылыми-техникалық қызметтерде іске асыру;

Меморандумның міндеті: инновациялық, ғылыми-техникалық және білім беру, ғылыми зерттеу жобаларын іске асыру шеңберінде докторанттар мен магистранттарды жобаға қатыстыру;

1.2. Бірге өткізетін шаралар: мәслихат, конференция, ғылыми жобаларға қатысу, зерттеулер, бірге ғылыми жобаларды іске асыру, білім алушыларға саяхат ұйымдастыру.

2. Тараптар жауапкершілігі:

2.1. Тараптар бірлескен қызмет процесінде белгілі болған мәліметтерді екі тараптың рұқсатынсыз таратуға міндеттенеді;

2.2. Тараптармен осы Меморандумның орындалуына байланысты өзге келісім болмаса, онда шығындар мәселесін тараптар өз бетімен шешеді.

2.3. Тараптар осы Меморандум қаржылай және заңдылық міндеттерді жүктемейтін тек қана құпиялықты сақтайтын келісім шарт екенін алдын ала келіседі.

3. Мерзімі:

3.1. Осы Меморандум тараптар қол қойған күннен бастап күшіне енеді және келісім шарт мерзімінде қолданыста болады.

3.2. Меморандум бір тараптың екінші тарапқа шарттың тоқтатылуы туралы жазбаша хабарлау жібергеннен соң екі айдан кейін күшін жояды.

3.3. Меморандум екі жақтың өзара келісімі бойынша күшін жояды.

3.4. Меморандум екі дана жасалады, бірі университетте, бірі басқармада (мекемеде, ұйымда) сақталады.

3.5. Меморандум мерзімі 2028 жылдың 31 желтоқсанына дейін.

4. Тараптардың заңды мекен жайлары:

«М.Х. Дулати атындағы
Тараз университеті» КЕАҚ

Ы. Сулейменов көшесі, 13

Басқарма Мүшесі – ғылым және
цифрландыру жөніндегі проректор м.а.

С.Ә.Орынбаев
09 2025ж.



Жамбыл облысы цифрландыру және
архивтер басқармасының «Жамбыл
облысының мемлекеттік архиві»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
директоры

Бөлітік шешен көшесі, 1Б

Л.С.Кожаяханова
2025ж.

